

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»**

Топ: ортаңғы топ **«Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- негізгі қимыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,</li> <li>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;</li> <li>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;</li> <li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> </ul> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр</p>

қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

Кеудеге арналған жаттығулар:

- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;
- солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);

**Спорттық жаттығулар.**

Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.

Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**

Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды

		<p>ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b> Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне</li> </ul>

		<p>жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;</li> <li>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</li> <li>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</li> <li>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</li> <li>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.</p> <p><b>Сөздік қор</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (қыс мезгілі, ауа райы, жаңа жыл, мереке, мерекелік құралдар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
	Көркем әдебиет	- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;

	<p>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</p> <p>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</p> <p>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде</p>

		<p>тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul> <p><b>Шама.</b> Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)</p>

	салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</li> <li>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;</li> <li>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;</li> <li>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);</li> <li>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</li> <li>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</li> </ul>
Құрастыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу

	<p>техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</li> <li>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</li> </ul> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</li> </ul> <p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p>

	Мүсіндеу	<p>- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p>
	Жапсыру	<p>- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p>
	Музыка	<p>- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си)</p>

		<p>диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p>
--	--	---

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.